Ол саланы отыз жыл басқарды. Осы уақыт ішінде КСРО қуатты атом өнеркәсібі құрылды. Атом ғылымы дамыды, мемлекеттің ядролық қалқаны күшейтілді, атомдық электрстанциялары және әртүрлі бағытты ядролық қондырғылар іске қосылып жатты. Уран, алтын өндірудің, минералдық тыңайтқыштар шығарудың, изотоптарды медицинада, ауыл шаруашылығында және халық шаруашылығының басқа да салаларында қолданудың әмбебап технологиялары жасалды және енгізілді. Жаңа қалалар бас көтеріп жатты.

Ефим Славский Қазақстанның атом саласын дамытуда да жарқын із қалдырды. Оның бастамасы бойынша Қазақстанда уран кен орындарын барлау бойынша басқарма «Волковгеология» ұйымдастырылды, Целинный және Каспий тау-химиялық комбинаттары салынды, нәтижесінде олардың жанында Степногорск және Ақтау (бұрынғы Шевченко) қалалары пайда болды, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облысы кеніштерінде уран өндіру басталды.

Ефим Славскийдің басшылығымен Өскемен қаласында Үлбі металлургиялық зауытында атом энергетикасымен байланысты жобалар іске асырыла бастады. Мысалы, ВВЭР-1000 реакторы үшін түптік және құрамдас бөлшектерді шығару реттелді, РБМК-1000 және ВВЭР-1000 реакторлары үшін отындық таблеткаларды жасау қуаттылықтары енгізілді. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына қарай кәсіпорын Кеңес Одағының және Шығыс Еуропа елдерінің атомдық электрстанциялары үшін отындық таблеткалар қалпында отынның 80 пайызын шығарды.

Ефим Павлович зауытқа жыл сайын келіп тұратын, барлық өндірістердің жұмысымен танысты, кәсіпорын басшыларын білді. Оның бастамасы бойынша ҮМЗ жаңа техникамен қамтамасыз етілді, алдыңғы қатарлы технологиялар жасалды және енгізілді, жаңа корпусар салынды.

Дегенмен, «атомдық шаруа басшысы» тек өз саласының мәселелерімен шектелген жоқ. 1958-1988 жылдар аралығында Ефим Славский Шығыс Қазақстан атынан КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Осы жылдары Өскемен инфрақұрылымы дамыған әдемі заманауи қалаға айналды. Ефим Славскийдің қатысумен ҮМЗ Мәдениет сарайы, Пионерлер үйі, музыкалық мектеп, Жас техник үйі, Спорт сарайы, «Иртыш» қонақ үйі, қан құю облыстық станциясы, Стрелка ықшам ауданы және Ертіс өзенінің жағалауы салынды.

1998 жылы ҮМЗ қызметкерлерінің ұсынысы бойынша Ефим Павловичтің жүз жылдығының құрметіне жағалаудың аты ауыстырылды. Ал 2011 жылдың тамыз айында зауыт ардагерлерінің бастамасы бойынша жағалауда осы біртума адамның ескерткіші орнатылды.

Елдің ядролық қалқанын жасаумен және атом энергиясын пайдаланумен байланысты саланың басшысы ретінде Ефим Славский отандық және шетелдік қауымға белгісіз болды. Құпиялылық атмосфера-сы не оның атын, не ол басқарған министрліктің атын атомдық мәселемен байланыстыруды мүмкін етпеді. Тек жылдар өте келе, бұрынғы Кеңес Одағының атом саласының дамуы жайлы ашық айту мүмкіндігі пайда болғаннан кейін ғана ол адамның аты белгілі болды.

Ефим Славскийдің аты қазақстандық және ресейлік атомшылардың, Үлбі металлургиялық зауытының қызметкерлерінің және облыс орталығы тұрғындарының есінде мәңгі қалмақ.

*Наталья Пашагина,
ҮМЗ*



АТОМНЫЙ МИНИСТР

Э тот человек долгое время был мало известен широкой общественности. Атмосфера секретности не позволяла связывать в открытой печати ни его имя, ни название министерства, которым он руководил, с атомной проблематикой. И лишь только спустя годы, когда появилась возможность открыто говорить о развитии атомной отрасли бывшего Советского Союза, имя человека, без которого эта отрасль, возможно, и не состоялась бы, стало известным. Речь идет о бывшем министре Среднего машиностроения Ефиме Павловиче Славском. 26 октября ему бы исполнилось 120 лет.

Ефим Славский прожил деятельных 93 года. И большую часть из них он посвятил работе. В отставку с поста министра Среднего машиностроения он был отправлен в возрасте 88 лет!

Но это только один из фактов яркой биографии этого неординарного человека. А то, что биография яркая, а человек, действительно, неординарный убедиться нетрудно. Впрочем обо всем по порядку.

Трудовая деятельность Ефима Славского началась с раннего детства на Макеевском металлургическом заводе, на Украине. Затем грянула Октябрьская революция, переросшая в гражданскую войну. В годы гражданской войны совсем юный Ефим Славский встал на сторону «красных», в составе Первой Конной армии командовал взводом.

Окончание войны и переход жизни в мирное русло определило дальнейшие планы юноши. Он поступил в Московский институт цветных металлов и золота, после окончания которого работал на заводе «Электроцинк» в городе Орджоникидзе. Неординарный ум, организаторские способности отличали Ефима Павловича уже в юные годы, поэтому за семь лет работы на предприятии он прошел путь от инженера до директора.

В 1940 году Ефим Славский был назначен директором Днепровского алюминиевого завода в Запорожье, который с началом Великой Отечественной войны был эвакуирован в Каменск-Уральск Свердловской области. Здесь был построен Уральский алюминиевый завод, возглавил который Ефим Славский.



THE MINISTER OF THE ATOM

This man has long kept a low profile among the broad public. The atmosphere of secrecy has prohibited associating either his name or the name of the Ministry he headed with the nuclear issue in public sources. The years later only, when it became possible to talk openly about the development of nuclear industry in former Soviet Union, his name has been out in the open because he was a person this industry might not have taken place without. We are talking about Yefim Pavlovich Slavsky, former Minister of Medium engineering. He would celebrate 120 years on October 26th.

Yefim Slavsky lived active 93 years and most of them he devoted to his work. He was dismissed as the Minister of Medium Engineering at the age of 88!

This is only one of the facts in bright biography of this extraordinary man. And the fact that his biography was bright, and he was really extraordinary person is easy to be convinced. However first things first.

Yefim Slavsky has begun his professional experience from early childhood at the Makeevsky Metallurgical Plant in Ukraine. Then the October revolution bursted out and grew into a Civil War. During the Civil War very young Yefim Slavsky sided the Reds and commanded a platoon in the First Cavalry army.

The end of the war and rebuilding the lives determined future plans of young man. He entered Moscow Institute of Non-ferrous Metals and Gold and graduated from the Institute, he worked at Electroznik plant in Ordzhonikidze city. Extraordinary intelligence and organizational ability distinguished Yefim Pavlovich already at a young age, so, he rose from Engineer to the Director of the plant for seven years.

In 1940, Yefim Slavsky was appointed as the Director of the Dneprovskiy Aluminum Plant in Zaporozhye, evacuated to Kamensk-Uralsk, Sverdlovskaya oblast with the beginning of the Great Patriotic War. Ural Aluminum Plant was built

После окончания войны Ефима Павловича назначают заместителем народного комиссара цветной металлургии, а затем привлекают к работе в новой для страны – атомной отрасли. Именно со становлением и развитием атомной промышленности и ядерной индустрии Советского Союза и связана все последующая деятельность Ефима Славского.

В 1957 году Ефим Павлович становится министром Среднего машиностроения – так в те времена назывался государственный орган, который занимался управлением атомной отраслью. На этом посту наиболее полно проявились талант Ефима Славского как крупного руководителя, его самоотверженность и громадная трудоспособность.

Он возглавлял отрасль почти 30 лет. За это время была создана мощная атомная промышленность СССР. Развивалась атомная наука, укреплялся ядерный щит государства, вводились в строй атомные электростанции и ядерные установки различного назначения. Разрабатывались и внедрялись уникальные технологии по добыче урана, золота, производству минеральных удобрений, применению изотопов в медицине, сельском хозяйстве и других отраслях народного хозяйства. Возводились новые города.

Яркий след Ефим Славский оставил и в развитии атомной отрасли Казахстана. По его инициативе для разведки месторождений урана в Казахстане было организовано управление «Волковгеология», были построены Целинный и Прикаспийский горно-химические комбинаты, рядом с которыми впоследствии появились города Степногорск и Актау (ранее Шевченко), на рудниках Южно-Казахстанской и Кызылординской областей началась добыча урана.

Под руководством Ефима Славского в Усть-Каменогорске, на Ульбинском металлургическом заводе, стали активно реализовываться проекты, связанные с развитием атомной энергетики. К примеру, был налажен выпуск концевых и комплектующих деталей для реакторов ВВЭР-1000, введены мощности по получению топливных таблеток для реакторов РБМК-1000 и ВВЭР-1000. К концу 80-х годов прошлого столетия предприятие выпускало около 80 % топлива в виде топливных таблеток для атомных электростанций Советского Союза и стран Восточной Европы.

Ефим Павлович практически ежегодно приезжал на завод, вникал в работу всех производств, знал руководителей предприятия. Часто по его инициативе шло обеспечение УМЗ новой техникой, разрабатывались и внедрялись передовые технологии, строились новые корпуса.

Но «атомных дел руководитель» жил не только заботами своей отрасли. С 1958 по 1988 годы Ефим Славский избирался депутатом Верховного Совета СССР от Восточного Казахстана. И за эти годы Усть-Каменогорск превратился в красивый современный город с развитой инфраструктурой. При участии Ефима Славского был построен Дворец культуры УМЗ,

there which Yefim Slavsky headed by.

After the war was over, Yefim Pavlovich was appointed as the Deputy People's Commissar of non-ferrous metallurgy, and then outsourced to nuclear industry – totally new branch for the country. Since when Mr. Slavsky's following professional experience was twisted with the formation and development of nuclear industry and atomic branch of the Soviet Union.



In 1957 Yefim Pavlovich became the Minister of Medium Engineering – that was the name of the governmental body that time, which was engaged in the management of the nuclear industry. In this position, the talent of Yefim Slavsky as a top manager, his dedication and enormous ability to work were most fully manifested.

He had taken the lead of the industry for almost thirty years. During that time the powerful nuclear industry of the USSR was created. Nuclear science was developed, the state's nuclear shield was strengthened, nuclear power plants and nuclear installations for various purposes were put into operation. There had been developed and implemented unique technologies for the extraction of uranium, gold, production of mineral fertilizers, and use of isotopes in medicine, agriculture and other sectors of the economy. New cities were raised.

Yefim Slavsky left a bright mark in the development of nuclear industry in Kazakhstan. On his initiative, the Department of Volkovgeology was established to explore uranium deposits in Kazakhstan;

Дом пионеров, музыкальная школа, Дом юного техника, Дворец спорта, гостиница «Иртыш», областная станция переливания крови, микрорайон Стрелка и, конечно же, набережная Иртыша.

Переименование набережной произошло в 1998 году, к столетию со дня рождения Ефима Павловича по предложению работников УМЗ. А в августе 2011 года по инициативе ветеранов завода здесь был установлен бюст-памятник этому необыкновенному человеку.



Как руководитель отрасли, связанной с созданием ядерного щита страны и использованием атомной энергии, Ефим Славский был мало известен широкой отечественной и зарубежной общественности. Атмосфера секретности не позволяла связывать в открытой печати ни его имя, ни название министерства, которым он руководил, с атомной проблематикой. И лишь только спустя годы стало можно открыто говорить о развитии атомной отрасли бывшего Советского Союза, и о человеке, без деятельного участия которого эта отрасль, возможно, и не состоялась бы.

Имя Ефима Славского навечно сохранится в памяти казахстанских и российских атомщиков, работников Ульбинского металлургического завода и жителей областного центра.

*Наталья Пашагина,
УМЗ*

Tselinny and Caspian mining and chemical plants were built, next to which Stepnogorsk and Aktau (formerly Shevchenko) cities were subsequently appeared; uranium mining was started in the mines of South Kazakhstan and Kyzylordinskaya oblast.

Under Slavsky's leadership, the UMP (Ust-Kamenogorsk) has begun to actively implement projects related to the development of nuclear energy. For example, the production of end and component parts for VVER-1000 reactors had been launched, and the capacity to produce fuel pellets for RBMK-1000 and VVER-1000 reactors had been introduced. By the end of the 80-ies of the last century, the UMP produced about 80 % of the fuel in the form of fuel pellets for nuclear power plants of the Soviet Union and Eastern Europe.

Yefim Pavlovich came to the plant almost every year, delved into the work of all industries, knew the UMP's management. The UMP was supplied with new equipment often on his initiative, new technologies were developed and implemented and new buildings were erected.

«Nuclear Affairs Manager» lived not only with the concerns of his industry. From 1958 to 1988 Yefim Slavsky was elected as Deputy of the Supreme Soviet of the USSR from East Kazakhstan. And over the years, Ust-Kamenogorsk has become a beautiful modern city with a developed infrastructure. With support of Yefim Slavsky the UMP's Palace of Culture, The House of Pioneers, Musical school, the House of Young Technician, the Palace of Sport, Hotel Irtysh, regional station of blood transfusion, microdistrict Strelka and, of course, embankment of the Irtysh River were built.

The embankment was renamed in 1998 on the occasion of centenary of the birth of Yefim Pavlovich by the suggestion of the UMP employees. In August 2011, on the initiative of the UMP veterans, the bust-monument to this extraordinary man was established there.

As the Head of the industry associated with the creation of the country's nuclear shield and the use of nuclear energy, Yefim Slavsky was little known to the broad national and international public. The atmosphere of secrecy has prohibited associating either his name or the name of the Ministry he headed with the nuclear issue in public sources. The years later only, when it became possible to talk openly about the development of nuclear industry in former Soviet Union, his name has been out in the open because he was a person this industry might not have taken place without.

The name of Yefim Slavsky will forever remain in the memory of Kazakh and Russian nuclear scientists, workers of the Ulba Metallurgical Plant and residents of the regional center.

*Natalya Pashagina,
UMP*

ХРОНИКА

22 қараша

Сұраныс ұсыныстан асты

«Қазатомөнеркәсіп» өзінің бағасы 451 млн. доллар тұратын 15% акциясын Лондон қор биржасына орналастырды. Сұраныс ұсыныстан 1,7 есе көп болды – өтінімдер 769 млн. долларға жіберілген болатын. Биржада «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының 38 903 491 акциясы (жалпы санының 15%) қойылды. Қазақстандық инвесторлар қойылған бағалы қағаздардың 47,5% сатып алды. 49 шетелдік және 16 отандық заңды тұлғалар, сонымен қатар 2 700 Қазақстан азаматтары IPO қатысты.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК»

20 қараша

ТБУ банкі үшін уран өнімі

2018 жыл 20 қараша күні АЭХА «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ын АЭХА ТБУ Банкі үшін уран жеткізушілердің бірі ретінде таңдағандығы жайлы мәлімдеді.

2015 жылдың тамыз айында Қазақстан мен АЭХА арасында ҚР территориясында АЭХА ТБУ банкін жасау жайлы Келісімге қол қойылған болатын, ал 2017 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Президентінің және АЭХА Бас директорының қатысуымен УМЗ алаңында АЭХА ТБУ Банкі ғимаратының салтанатты ресми ашу кеші өтті.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК»

3 желтоқсан

ҚР ядролық инфрақұрылымын дамыту

19-23 қараша аралығында Астана қаласында ҚР ЯФИ Астана қаласындағы филиалы ПФЗК базасында ҚР ЭМ АЭҚБК АЭХА бірге ядролық-энергетикалық бағдарлама үшін реттеуші база бойынша ұлттық семинар ұйымдастырылды және өткізілді. Семинар «ҚР ядролық инфрақұрылымын дамыту» KAZ/2/008 ұлттық жобасы бойынша АЭХА техникалық ынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде, АЭХА, Ұлыбритания және Түркия мамандарын шақыру арқылы өткізілді. Семинар қорытындысы бойынша қатысушылар АЭХА қауіпсіздік стандарттары, реттеуші органның негізгі қызметі және құзыреттілігі, АЭС реттеу инспекциясы бойынша қосымша білім алды, сонымен қатар ядролық қондырғыларды лицензиялау процесімен танысты.

kaenk.energo.gov.kz

ХРОНИКА

22 ноября

Спрос превысил предложение

«Казатомпром» успешно разместил 15% своих акций стоимостью 451 млн. долларов на Лондонской фондовой бирже. Спрос превысил предложение в 1,7 раза – заявки были поданы на 769 млн. долларов. Всего на бирже разместили 38 903 491 акций компании «Казатомпром» (15% от общего числа). Казахстанские инвесторы приобрели 47,5% акций от общего количества размещённых ценных бумаг. В IPO приняли участие 49 иностранных и 16 отечественных юридических лиц, а также 2 700 граждан Казахстана.

«НАК «Казатомпром»

20 ноября

Урановая продукция для Банка НОУ

20 ноября 2018 года МАГАТЭ объявило о выборе АО «НАК «Казатомпром» в качестве одного из поставщиков НОУ для Банка НОУ МАГАТЭ.

Ранее, в августе 2015 года между Казахстаном и МАГАТЭ было подписано Соглашение о создании Банка НОУ МАГАТЭ на территории РК, а уже в августе 2017 года с участием Президента Казахстана и Генерального директора МАГАТЭ состоялась торжественная официальная церемония открытия здания Банка НОУ МАГАТЭ на площадке УМЗ.

«НАК «Казатомпром»

3 декабря

Развитие ядерной инфраструктуры РК

19-23 ноября в г.Астана на базе МНИК Астанинского филиала ИЯФ РК КАЭНК МЭ РК совместно с МАГАТЭ организован и проведен национальный семинар по регуляторной базе для ядерно-энергетической программы. Семинар проводился в рамках программы Технического сотрудничества МАГАТЭ по национальному проекту KAZ/2/008 «Развитие ядерной инфраструктуры РК» с привлечением специалистов из МАГАТЭ, Великобритании и Турции. По итогам семинара участники получили дополнительные знания по стандартам безопасности МАГАТЭ, основным функциям и компетенциям регуляторного органа, регуляторной инспекции АЭС, а также ознакомились с процессом лицензирования ядерных установок.

kaenk.energo.gov.kz

CHRONICLE

November the 22nd

Demand exceeded supply

Kazatomprom successfully placed 15% of shares with a value of \$451 million at the London Stock Exchange. Demand exceeded supply by 1.7 times – applications have been submitted for \$769 million. Totally 38 903 491 shares of the Kazatomprom were placed at the stock exchange (15% of the total number). Kazakhstani investors acquired 47.5% of the total number of outstanding securities. Some 49 foreign, 16 domestic legal entities and 2,700 Kazakhstan citizens took part in the IPO.

NAC Kazatomprom

November the 20th

Uranium production for LEU Bank

On November 20, 2018, the IAEA announced the selection of NAC Kazatomprom JSC as one of the suppliers of low enriched uranium (LEU) for the IAEA LEU Bank.

Earlier, in August 2015, Kazakhstan-IAEA Agreement on the establishment of the IAEA LEU Bank on the territory of the Republic of Kazakhstan was signed, and then, in August 2017 an official opening ceremony was held for the IAEA LEU Bank at the Ulba Metallurgical Plant in Ust-Kamenogorsk with the participation of the President of Kazakhstan and the IAEA Director General.

NAC Kazatomprom

December the 3rd

Nuclear Infrastructure Development of Kazakhstan

A national workshop on regulatory framework for Nuclear Power Program was held at Interdisciplinary research complex (IRC) of Astana Branch of the Institute of Nuclear Physics of the Republic of Kazakhstan of the Committee of Atomic and Energy Supervision and Control ME RKon November 19-23in Astana. The workshop was carried out under IEA Technical Cooperation Program on national project KAZ/2/008 «Nuclear Infrastructure Development of Kazakhstan» involving experts from IAEA, Great Britain and Turkey. Following the results of the workshop, participants gained more knowledge regarding IAEA safety standards, main functions and competencies of regulatory authority, NPP regulatory inspection, and also obtained an understanding of nuclear facilities licensing.

kaenk.energo.gov.kz

*АҚЫЛМАНДАР
САРАБЫ*

*BRAIN
STORM*

*МОЗГОВОЙ
ШТУРМ*

«ВОЛКОВГЕОЛОГИЯ» АҚ ОСМЭ ФИЛИАЛЫНЫҢ БҰРҒЫЛАУ ЖӘНЕ БАРЛАУ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Латыпова Ю.,

ОТЭЭ, «Волковгеология» АҚ, Алматы қ., Қазақстан

Ұңғыманы меңгеру барысында фильтр арқылы өтетін сұйықтықтағы механикалық қоспалардың бір бөлігі ұңғыма тұндырғышында шөгетіндігі және оны толтыратындығы белгілі. Ал тұндырғыштың ашықтығы көбіне 40-60% құрайды, бұл тапсырыс берушінің техникалық талаптарына сай келмейді. Тұндырғышты толығымен тазалау үшін УОС агрегатының көмегімен шаю жүргізіледі. Бұл жағдайда қоспалар сұйықтықпен бірге фильтр арқылы қайтадан фильтрлеу аймағына өтеді, сондықтан ұңғыманы қайта шаюдан кейін тапсырыс беруші қосымша тоқтық каротаж арқылы ұңғыманы қайта меңгеруді талап етеді. Мұндай цикл бірнеше рет қайталануы мүмкін, бұл өз кезегінде қиын ұңғымаларда техникалық және жұмыс ресурстарын ұзақ уақыт қолдануға алып келеді.

Осы мәселені шешу үшін Б және БЖТП мамандары технологиялық ұңғымаларды тұндырғышты уақытша оқшаулау арқылы салу әдісін ойлап тапты. Тұндырғыштың қонышты бөлігіне металл негіздеме орнатылады, оның бетіне шыны қалқа (тұндырғыштың уақытша оқшаулауы) қойылады, барлық бөліктер тұндырғыштың ішкі бұрандалары мен фильтрдің сыртқы бұрандаларын байланыстыратын бұрандаларды бұрау арқылы бекітіледі. Содан кейін шегендеу бағаны түсіріледі. Шегендеуден кейін ұңғымада қажетті дебитке қол жеткізуге қажетті барлық шаралар жүргізіледі. Кейін шыны қалқа УОС агрегатының айдау тетігі арқылы бұзылады, ұңғыма тұндырғыш уақытша оқшауланған жерінде (шыны қалқа) шайылады. Тұндырғыштың ашықтығына және айдау бағанының бүтіндігіне тоқтық каротаж жүргізілгеннен кейін ұңғыма тапсырыс берушіге тапсырылады.

Технологиялық ұңғымаларда сынақтық жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыстарды жүргізу уақыты регламенттегі уақыттан асқан жоқ. Тәжірибелік ұңғымалар дебиті 20 м³/ч жетті, тұндырғыштың ашықтығы 80-100% шегінде болды, бұл тапсырыс берушінің техникалық талаптарына сәйкес келеді. Барлық ұңғымалар тапсырыс берушіге өткізілді.



Жоғарыда сипатталған технологиялық ұңғымаларды тұндырғышты уақытша оқшаулау арқылы салу әдісі «Волковгеология» АҚ ГРЭ № 23 филиалының «Қарамұрын» бұрғылау жұмыстары басқармасында сәтті қолданылуда және технологиялық ұңғымаларды салу кезінде уақыт пен материалдың өндірістік емес шығындарын азайтуды қамтамасыз етуде.

Екінші жағынан, дебиті аз ұңғымаларды қайта меңгерудің дәстүрлі әдістері фильтрдің ашық бөлігін жабуға мүмкіндік бермейді. Фильтрлік аймаққа кез келген әсер ету, ұңғыманың фильтрлік бөлігіндегі кез келген депрессия фильтрдің ашық бөлігіне түседі, ал фильтрдің тазаланбаған бөлігі бұрынғы күйінде қалады және ұңғымаға жерасты суларының өтуі кедергі аз жерден, яғни фильтрдің ашық бөлігі арқылы жүреді.

Осы мәселені шешу үшін Б және БЖТП мамандары технологиялық ұңғымалардың фильтрлік аймағының жыныстарының өткізгіштігін қалпына келтірудің екі кезеңнен тұратын әдісін ұсынды. Алдымен технологиялық ұңғыма арнайы ұштық арқылы жуылады, оның жұмыс істеу әдісіне сәйкес астынан және үстінен манжеттермен жабылатын перфорация интервалында ғана шаю жүргізіледі. Манжеттер белгілі интервалды оқшаулай отырып, перфорация интервалында су қысымын жасайды. Арнайы ұштықты қолдану фильтрде және каркас пен фильтр дисктері арасындағы кеңістікте пайда болатын саз қабыршақты тиімді шаюға мүмкіндік береді.

Шаю кезеңінен кейін ұштық орнатылған интервалда ұңғыманы меңгеру (депрессия жасау) жүргізіледі. Ұштық орнатылған интервалда депрессия жасау арқылы, фильтрдің ашық бөлігі жабық (меңгерілмеген) бөліктен оқшауланады, бұл берілген интервалда жыныстардың өткізгіштігін және фильтрациялық қасиеттерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Жұмыстар интервал бойынша, фильтрдің жұмыс бөлігінің барлық ұзындығында әрбір 30 см кейін жүргізіледі.

Әдіс ГРЭ № 7 филиалының жиырма ұңғымаларында қолданылды және оң нәтиже көрсетті. Ұңғымаларда сынақтық жұмыстар жүргізу кезінде қайта меңгеру уақыты регламенттегі уақыттан (36 ст/сағатқа дейін) асқан жоқ. Өңделген ұңғымалар дебиті 20 м³/ч асты, құм қосу болған жоқ, барлық ұңғымалар тапсырыс берушіге тапсырылды. Технологиялық ұңғымалардың фильтрлік аймақ жыныстарының өткізгіштігін қалпына келтіру әдісімен ұңғымалардың өнімділігін арттыру технологиясы «Волковгеология» АҚ ГРЭ № 7 филиалының «Орталық Инкай – 1,2,3» бұрғылау жұмыстары басқармасында сәтті қолданылуда және технологиялық ұңғымаларды салу кезіндегі өндірістік емес шығындарды азайтуды қамтамасыз етуде.



ДОСТИЖЕНИЯ ПАРТИИ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ БУРЕНИЯ И ПОИСКА ФИЛИАЛА ЦОМЭ АО «ВОЛКОВГЕОЛОГИЯ»

Латыпова Ю.,

филиал ЦОМЭ, АО «Волковгеология», г.Алматы, Казахстан

Известно, что при освоении скважин, часть механических взвесей, находящихся в проходящей через фильтр жидкости, оседает под действием силы тяжести в отстойнике скважины, заполняя его. При этом, открытость отстойника зачастую составляет от 40 до 60%, что не соответствует тех.требованиям заказчика. Для того чтобы провести полную очистку отстойника производят промывку отстойника с помощью агрегата УОС. В этом случае взвеси с потоком жидкости проникают через фильтр обратно в прифилтровую зону, поэтому заказчик после проведения повторной промывки скважины требует переосвоения скважины с дополнительным токовым каротажем. Такой цикл может повторяться несколько раз, что в свою очередь, приводит к длительному задействованию технических и рабочих ресурсов на проблемных скважинах.

Для решения этой проблемы специалистами ПНТБП была разработана методика сооружения технологических скважин (ТС) с временной изоляцией отстойника. В раструбную часть отстойника устанавливается металлическая основа, поверх нее накладывается стеклянная перегородка (временная изоляция отстойника), все детали фиксируются при свинчивании резьбовых соединений внутренней резьбы отстойника и наружной резьбы фильтра. Затем производится спуск обсадной колонны. После обсадки в скважине проводятся все необходимые мероприятия по достижению требуемого дебита. Затем стеклянная перегородка разрушается с помощью нагнетательного рукава агрегата УОС, и скважина промывается в том месте, где ранее была установлена временная изоляция отстойника (стеклянная перегородка). Далее проводится токовый каротаж на открытость отстойника и целостность обсадной колонны, после чего скважина сдается заказчику.

При проведении опытных работ на ТС, время, затрачиваемое на проведение работ, не превысило регламентируемого. Дебит на экспериментальных скважинах составил 20 м³/ч и выше, открытость отстойника варьировалась в пределах 80-100%, что соответствовало тех.требованиям заказчика. Все скважины были сданы заказчику.

Описанная методика сооружения ТС с временной изоляцией отстойника успешно применяется на УБР «Карамурын» филиала АО «Волковгеология» ГРЭ № 23 и обеспечивает снижение непроизводительных затрат времени и материала при сооружении ТС.

ACHIEVEMENTS OF THE CREW OF ADVANCED TECHNOLOGIES OF SINKING AND PROSPECTING CEMO, VOLKOVGEOLOGY JSC

Y. Latypova,

CSME, Volkovgeology JSC, Almaty, Kazakhstan

It is known when completing the well, some coarse dispersion from the fluid, passing through the filter, seeks the bottom in the well sump by the action of the gravity and fill it up. At the same time, the openness of the well sump is often from 40 to 60% and it does not meet the technical requirements of the customer. To fully clean the sump it is required to wash it with a well cleanup unit (WCU). In this case, coarse dispersion along with the fluid flow penetrate through the filter back into the filter zone, so after the well is re-washed out, the customer is asking for re-development of the well with additional current logging. This process can be repeated more than one time that in turn leads to long-term use of technical and operational resources at problem-plagued wells.

Specialists of the Crew of advanced technologies of sinking and prospecting (PNTB&P) made a design of a well where the sump is temporary isolated so they tried to solve the problem. A metal base is installed in the bell part of the sump, a glass partition (temporary isolation of the sump) is placed on top of the base, and all parts are fixed when screwing the threaded connections of the internal thread of the sump and the external thread of the filter. Then the boring casing is lowered. After the boring casing is lowered on the bottom of the well, all necessary measures are taken to achieve the required flow rate. Then the glass partition is destroyed by the injection hose of the WCU machine and the well is washed out in the place where the temporary isolation of the sump (glass partition) was previously installed. Next, current logging is carried out on the openness of the sump and the integrity of the boring casing, afterwards the well is ready to be delivered to the customer.

Duration of experimental activities performed at production wells was within the schedule. The flow rate at the experimental wells was 20 m³/h and higher, the opening of the sump varied within 80-100% that met technical requirements of the customer. Every well was delivered to the customer.

Given design of production well with temporary-isolated sump has been successfully employed in GSE No.23, drilling department Karamuryn of Volkovgeology JSC ensuring reduced overhead of time and material in the construction of production wells.


С другой стороны, традиционные методы переосвоения малодебитных скважин не позволяют произвести перекрытие открытой части фильтров. Любое воздействие на прифилтровую зону, создание всякого рода депрессий в фильтровой части скважины приходится на открытую часть фильтров, а неочищенная часть фильтров остается в прежнем состоянии и поступление грунтовых вод в скважину происходит со стороны наименьшего сопротивления, то есть из открытой части фильтров.

Для решения этой проблемы специалистами ПНТБП был предложен метод восстановления проницаемости пород прифилтровой зоны ТС, осуществляемый в два этапа. Сначала производится промывка ТС с помощью специального наконечника, принцип работы которого заключается в том, что промывка проводится только в интервале перфорации, перекрывающегося сверху и снизу манжетами. Манжеты изолируют определенный интервал, тем самым создавая давление воды в интервале перфорации. Применение специального наконечника позволяет более эффективно смывать глинистую корку, образовавшуюся непосредственно на самом фильтре и в пространстве между каркасом и дисками фильтра.

После проведения этапа промывки производится освоение скважины (создание депрессии) в том интервале, где установлен наконечник. Создается депрессия в интервале установки наконечника, при этом изолируется открытая часть фильтра от закрытой (неосвоенной) части, что позволяет восстановить проницаемость и фильтрационные свойства пород в заданном интервале. Работы проводятся поинтервально, через каждые 30 см по всей длине рабочей части фильтра.

Метод был применен на 20 скважинах филиала ГРЭ № 7 и показал положительный результат. При проведении опытных работ на скважинах, время на переосвоение не превысило регламентируемое (до 36 ст/часов). Дебит на обрабатываемых скважинах составил 20 м³/ч и выше, пескование отсутствовало, все скважины были сданы заказчику.

Описанная технология повышения производительности скважин методом восстановления проницаемости пород прифилтровой зоны ТС успешно применяется на УБР «Центральный Инкай - 1,2,3» филиала АО «Волковгеология» – ГРЭ № 7 и обеспечивает снижение непроизводительных затрат времени и материала при сооружении ТС..




On the other hand, traditional methods of re-development of marginal wells do not allow overlapping the open part of the filters. Any impact on the filter zone, creation of any depression inside of the filter zone of the well take place in the open part of the filters, and uncleaned part of the filters remains in the same state and groundwater flows into the well from the side of the least resistance, that is, from the open part of the filters.

To solve this problem, specialists of the PNTB&P proposed technique for restoring the permeability of rocks inside of the pre-filter zone of production wells which can be implemented in two stages. First, the well is flushed with special tip it is when flushing is carried out only in the perforation interval overlapping with the isolation joints on the top and bottom. The isolation joints insulate a certain interval, thereby creating water pressure in the perforation interval. The use of a special tip allows more effectively washing off the clay crust formed directly on the filter and in the space between the frame and the filter discs.

After being flushed, the well is developed (depression is created) in the interval where the tip is installed. Depression is created in the interval of the tip installation, while the open part of the filter is isolated from the closed (undeveloped) part that makes it possible to restore the permeability and filtration properties of the rocks in a given interval. The works are carried out in intervals, every 30 cm along the entire length of the working part of the filter.

This technique was applied to twenty wells at the Branch GSE No.7 and gave positive results. Duration of experimental activities performed at production wells was within the schedule (no more than 36 w/hours). Production rate of the processed wells was 20 m³/h and more, with no sanding afterwards all wells were delivered to the customer.

Described here technique on increasing wells' productivity by restoring permeability of the rocks inside of the pre-filter zone in production wells is being successfully employed by the drilling department Centralny Inkai - 1,2,3 Branch Volkovgeology – GSE No.7 providing reduction in dead expenses of the time and material when erecting production wells.



ХРОНИКА

4 желтоқсан

АЭХА инспекциясы

ҚР және АЭХА арасындағы Ядролық қаруды таратпау жайлы келісімге сәйкес Кепілдіктерді қолдану жайлы келісімінің Қосымша хаттамасын орындау мақсатында 2018 жылдың 28-29 қараша аралығында ЯФИ-нда АЭХА инспекторлары үшін қосымша рұқсат ұйымдастырылды. АЭХА тексеруінің мақсаты – декларациялан баған ядролық материалдың және ядролық қызметтің жоқтығын тексеру. Тексеру барысында АЭХА инспекторлары ЯФИ қондырғылары мен үй-жайларын тексерді, қоршаған орта үлгілерін алды.

ЯФИ

10 желтоқсан

FNCA жыл сайынғы 19-шы жиналысы

2018 жылдың 5-6 желтоқсан аралығында Токио қаласында FNCA министрлерінің деңгейінде өткен жыл сайынғы 19-шы жиналысында FNCA мүше мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың делегаттары қатысты. Жиналыста энергетикалық және энергетикалық емес секторларда ядролық ғылым мен ядролық технологияларды қолдану саласындағы жетістіктер талқыланды. ҚР тарабынан ҰАО және Қазақстандағы Жапония елшілігі қатысты. Форумға қатысушылар алдындағы өз сөзінде ҚР ҰАО бас директоры, FNCA координаторы Э.Батырбеков ядролық және радиациялық технологияларды қолдануда ғаламдық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ең жоғарғы басымдық болып табылатындығын атап өтті.

ҚР ҰАО

12 желтоқсан

Листинг және сатулар жайлы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» акцияларын KASE қоюдың инициаторы емес және онымен байланысты кез келген міндеттерге жауап бермейді.

2018 жылдың 13 қараша күні жария орналастыру шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» бағалы қағаздары Астана халықаралық биржасында саудасаттыққа жіберілген бағалы қағаздардың ресми тізіміне және Ұлыбританияның қаржылық реттеу және қадағалау басқармасының бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізіледі және Лондон қор биржасының негізгі сайтында ресми сауда-саттыққа жіберіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК»

ХРОНИКА

4 декабря

Инспекция МАГАТЭ

Во исполнение Дополнительного протокола к Соглашению между РК и МАГАТЭ о применении гарантий в соответствии с Договором о нераспространении ядерного оружия 28-29 ноября 2018 года в ИЯФ был организован дополнительный доступ инспекторам МАГАТЭ. Цель проверки МАГАТЭ — подтверждение отсутствия незадекларированного ядерного материала и ядерной деятельности. В ходе проверки инспекторы МАГАТЭ провели осмотр установок и помещений ИЯФ, произвели отбор проб окружающей среды.

ИЯФ

10 декабря

19-ое ежегодное совещание FNCA

Достижения в области применения ядерной науки и ядерных технологий в энергетическом и неэнергетическом секторах были рассмотрены на 19-ом ежегодном совещании на уровне министров FNCA в Токио 5-6 декабря 2018 года с участием делегатов стран-участниц FNCA и международных организаций. РК представил НЯЦ и посольство РК в Японии. Выступая перед участниками Форума, генеральный директор НЯЦ РК, координатор FNCA Э.Батырбеков отметил, вопросы обеспечения глобальной ядерной безопасности являются наивысшим приоритетом при использовании ядерных и радиационных технологий.

НЯЦ РК

12 декабря

О листинге и торгах

«НАК «Казатомпром» не является инициатором допуска акций на KASE и не несет ответственность за любые обязательства, связанные с допуском к торгам акций «НАК «Казатомпром» на KASE.

13 ноября 2018 года в рамках публичного размещения ценные бумаги «НАК «Казатомпром» включены в официальный список ценных бумаг с допуском к торгам на Международной бирже «Астана» и в официальный список ценных бумаг Управления по финансовому регулированию и надзору Великобритании и их допуском к официальному торгам на основной площадке Лондонской фондовой биржи.

«НАК «Казатомпром»

CHRONICLE

December the 4th

IAEA Inspection

Pursuant to Additional Protocol to RK-IAEA Agreement on safeguards application according to the Contract on nuclear weapon non-proliferation, on November 28-29, 2018, complimentary access for IAEA inspectors was arranged at INP. The goal of IAEA inspection is confirmation that there is no undeclared nuclear material and nuclear activity. During inspection, IAEA inspectors examined facilities and premises of INP and sampled the environment.

INP

December the 10th

19th Annual Meeting of FNCA

The 19th annual Meeting of the Forum for Nuclear Cooperation in Asia (FNCA) held in Tokyo on December 5-6, 2018, has discussed achievements in nuclear science and technologies application in power and non-power industry. The meeting was attended by delegates from FNCA Member Countries and international organizations. National Nuclear Center and RK Embassy in Japan took part in the meeting as representatives of the Republic of Kazakhstan. Presenting a report for the Forum, Erlan Batyrbekov, Director General NNC RK, FNCA coordinator remarked that issues of global nuclear security are of high priority in nuclear and radiation technologies application.

NNC RK

December the 12nd

Regarding the listing and trading

Kazatomprom has not initiated the admission of shares to KASE, and is not liable any obligations associated with such admission to trading of Kazatomprom shares on KASE.

On November 13, 2018 within the scope of initial public offering Kazatomprom securities have been included into the Official List of Securities with the admission to trading on the Astana International Exchange and to the Official List maintained by the UK Financial Conduct Authority, and to trading on the regulated market of the London Stock Exchange.

NAC Kazatomprom

ГЕОХИМИЯЛЫҚ САРАПТАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БҰРЫНҒЫ «АЗГИР» ПОЛИГОНЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КҮЙІН БАҒАЛАУ

Полешко А.Н., Севериненко М.А., Макарова В.А.
Ядролық физика институтына, Алматы, Казахстан

Мақалада бұрынғы «Азгир» полигоны аймағындағы топырақтың экологиялық күйін бағалаудың нәтижелері көрсетілген. Зерттеу барысында геохимиялық сараптау әдісі қолданылды. Осы аудандағы топырақтың ластану деңгейін анықтау үшін Балқұдық ауылы топырағының зерттелген элементтерінің мөлшерін аймақтық фондық концентрациялар ретінде пайдалану негізделді. Технологиялық алаңдар топырағының ластануын бағалау алаңдар топырағының ластану сипаты полиэлементтік, антропогендік және полигонды пайдалану кезіндегі технологиялық операцияларды жүргізуден туындағандығын көрсетті. Полигонның Азгир ауылы топырағының сапасына әсері жоқ екендігі дәлелденді. Жүргізілген зерттеулер «Азгир» секілді полигонның қоршаған ортаға әсерін бағалау кезінде топырақтың ауыр металдармен химиялық ластануын (радиациялық күйді зерттеумен бірге) бағалау қажеттігін көрсетті.

Бұрынғы «Азгир» полигоны Атырау облысы Құрманғазы ауданы территориясында орналасқан, ауданы шамамен батыстан шығысқа қарай 20 км және оңтүстіктен солтүстікке қарай 15 км.

1966 жылдан 1979 жылға дейін «Азгир» полигонында көп бағытты сақтау орындары ретінде пайдалану мақсатында, жерасты ядролық жарылыстары көмегімен тас тұз массивтерінде үлкен көлемді қуыстар жасау технологиясын өңдеу жүргізілді. Он технологиялық алаңдарда (A1, A2, A3, A4, A5, A7, A8, A9, A10, A11) қуаттылығы әртүрлі 17 ядролық жарылыс жүзеге асырылған.

Ядролық физика институтымен жыл сайын жүргізілетін мониторинг нәтижелері бойынша қазіргі уақытта технологиялық алаңдар, қоршаған территориялар және Азгир полигонына жақын орналасқан елді мекендердегі радиациялық күй табиғи фонға сәйкес келеді.

Полигонның ерекшелігіне байланысты оның қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша зерттеулердің мақсаты радиоэкологиялық жағдайды бағалау болды және полигонда жұмыстар жүргізу кезіндегі технологиялық операциялардың нәтижесінде химиялық ластануды бағалауды қарастырған жоқ.


Ауыр металдармен ластану химиялық класқа жатады. Ауыр металдармен ластану кез келген деңгейдегі биожүйеге үлкен қауіп төндіреді. Осыған байланысты осы зерттеудің мақсаты бұрынғы «Азгир» полигонының технологиялық алаңдары территорияларының ауыр металдармен ластану деңгейін анықтау және полигонда жүргізілген жұмыстардың оған жақын орналасқан Азгир ауылының топырағының ластануына әсерін бағалау болып табылады.

Зерттеу материалдары және әдістемелері

Жұмыстың тәжірибелік бөлігі бірнеше кезеңнен құралды: үлгілерді алу, дайындау және сараптама жасау, алынған нәтижелерді өңдеу. Зерттеу объектілері – «Азгир» полигонының технологиялық алаңдарының территориялары, полигонды пайдалану кезінде онда зерттеу жұмыстарын жүргізген Оңтүстік сейсмикалық экспедиция базасы орналасқан Азгир ауылының территориясы, полигоннан 25 км қашықтықта орналасқан Балқұдық ауылы. Балқұдық ауыл елді мекенінің территориясы және оның айналасының топырағының құрамындағы ауыр металдар концентрациясы зерттеуде аймақтық фондық концентрациялар ретінде, салыстыру объектісі үшін қолданылды.

Топырақ үлгілерін алу үшін технологиялық алаңдарда топырақ күйін бақылаудың 10 орны пайдаланылды: әрбір елді мекен периметрінде 4 бақылау орны, сонымен қатар елді мекендердегі орындар (1 сурет).

Үлгілер зерттелетін аймақ жайлы толық ақпаратты алу үшін қолданылатын геохимиялық алу



1 сурет – Зерттеу объектілері

әдісімен алынды. Конверт әдісіндегідей үлгілер әрбір технологиялық алаң бойынша 4 орынның, Азгир ауылындағы 10 үлгі алу орынының және Балқұдық ауылындағы 14 үлгі алу орынының араластырылған үлгілері болып табылады.

Топырақтағы ауыр металдардың жалпы мөлшерін анықтау үшін «Жартылай өткізгішті детекторлы РЛП-21 рентгендік-флуоресценттік энергодисперсиялық аспап арқылы әртүрлі материалдардың ұнтақтық үлгілерінің элементтік құрамын анықтау» өлшеулерді орындау әдістемесіне сәйкес топыраққа рентгендік-флуоресценттік сараптама жүргізілді.

Нәтижелер және оларды талдау

Далалық жұмыстар нәтижесінде жер бетінен топырақтың 64 үлгісі алынды, полигонның 10 технологиялық алаңдары және 2 елді мекен зерттелді.

Салыстыру үшін элементтердің шектік рұқсат етілген концентрацияларын пайдалану өте қиын, себебі олар (ШРК, БРК және т.б.) еркін анықталады және олардың мәндері әр мемлекетте әртүрлі. Осы мақсаттар үшін көбінесе кларк мөлшері пайдаланылады. Жоғарыда аталып өткендей, Балқұдық ауылдық елді мекенінің топырағының құрамындағы ауыр металдардың концентрациясы аймақтық фондық концентрациялар ретінде қабылданды. Осы таңдауды негіздеу үшін Жер топырағының кларкін А.П. Виноградов бойынша және елді мекендер топырағының кларкін В.А. Алексеенко бойынша [1] салыстыру арқылы осы шешімнің құзыреттілігіне бағалау жүргізілді. Нәтижесінде, зерттелген элементтердің Балқұдық ауылының топырағындағы концентрацияларының салыстырылатын параметрлермен жақсы сәйкестігі анықталды. Антропогендік қызмет әсері жоққа жақын, бұл елді мекендердегі кларктарға қатысты төмен мәндерден байқалады. Яғни, зерттелетін элементтер концентрацияларын зерттелетін аймақ үшін аймақтық фондық концентрациялар ретінде қабылдауға болады және оларды Азгир ауылының және полигонның технологиялық алаңдарының топырағының ластануын бағалауда пайдалануға болады.

Технологиялық алаңдардан алынған топырақ үлгілерінің элементтік құрамын зертханалық зерттеу нәтижесі бойынша сәйкес көрсеткіштерді пайдалану арқылы топырақтың химиялық ластану деңгейін халық денсаулығына зиянды әсер ету индикаторы ретінде бағалау жүргізілді. Мұндай көрсеткіштерге [3]: анықталатын заттың нақты мөлшерінің (C_i) аймақтық фондық мөлшеріне қатынасымен анықталатын химиялық зат концентрациясының коэффициенті (K_c):

$$K_c = C_i / C_{fi}$$


және ластанудың жиынтық көрсеткіші (Z_c) жатады. Ластанудың жиынтық көрсеткіші ластағыш элементтердің химиялық концентрацияларының коэффициенттерінің қосындысына тең және мына формуламен өрнектеледі:

$$Z_c = \sum (K_{ci} + \dots + K_{cn}) - (n-1)$$

мұндағы n – анықталатын жиынтық заттардың саны;

K_{ci} – ластанудың i -ші компоненті концентрациясының коэффициенті.

Топырақ ластануының қауіптілік деңгейін бағалау Z_c көрсеткіші бойынша жүргізілді. Алынған деректерді химиялық зат концентрациясының коэффициенті (K_c) бойынша салыстыру нәтижесінде элементтерді 3 топқа бөлуге болады: 1-ші топ – Cu, Pb, Th, Ni, As; 2-ші топ: - Fe, Zn, U, K, Ti, V, Mn, Co, Rb, Sr, Y, Nb; 3-ші топ – Cr, Zr, Mo, BaSO₄.



2 сурет – Зерттеу объектілеріндегі элементтер концентрацияларының коэффициенттері

1-ші топ элементтерінің ортақ ерекшелігі олардың алаңдарда анықталған концентрацияларының коэффициенттерінің ең жоғары мәндері, A1 алаңында мыс үшін 1.05 мәнінен A3 алаңында қорғасын үшін 8.44 мәніне дейін.


